

**Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының
№2 хаттамасы**

«24» қыркүйек 2024 ж

Қатысқандар- 9
Құрылтайшы – 1
Әдіскер – 1
Педагогтар – 1
Тәрбиешілер – 6

Күн тәртібінде

1. «ҚР Оқу-ағарту Министірлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 16.09. 2024 жылғы, 288-НҚ бұйрығы негізінде мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысымен таныстыру.

Жауапты: құрылтайшы Бисембаева С.Т.

Сөйледі: «ҚР Оқу-ағарту Министірлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 16.09. 2024 жылғы, 288-НҚ бұйрығы негізінде мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысымен таныстыру.

Тыңдалды: Кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңес отырысын бөбекжай-бақша құрылтайшысы С.Т. Бисембаева ашып, қызметкерлерді күн тәртібіндегі мәселемен таныстырды. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Атырау облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 16 қыркүйектегі №288-НҚ бұйрығымен бекітілген «2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі» негізінде, 2024 жылғы 16-20 қыркүйек аралығында Атырау облысы Атырау қаласы Жеке кәсіпкер «Жаса» «Ай-Жұлдыз» жекеменшік бөбекжай-бақша мекемесін мемлекеттік аттестаттау жүргізілгендігі туралы мәлімдеп, мемлекеттік аттестаттау Департаментінің 2024 жылғы 16 қыркүйек №288 НҚ бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен таныстырып етті.

1. Кәрім Мұратбек Шарханұлы – Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің басшысы, комиссия төрағасы;

2. Батабиева Айгул Рашевна - Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қалалық білім бөлімінің №13 «Балапан» бөбекжай-бақшасы әдіскері, комиссия мүшесі;

3. Ахонгужиева Венера Умировна - Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қалалық білім бөлімінің №6 «Гүлдер» бөбекжай-бақшасы әдіскері, комиссия мүшесі;

«Ай – Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы акпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметін сандық және сапалық корсеткіштеріне бағалау жүргізді. Бағалау нәтижесінде, қужаттарды зерттеу барысында:

1. Бөбекжай-бақшасында Максұтова Сымбат Нұржаубайқызы 2024 жылдың 3 наурызынан бастап меңгерушілік қызмет атқарады. Педагогикалық жұмыс өтілі 3 жыл. Алайда, С. Максұтова біліктілік санаты жоқ екені анықталып отыр.

2. Бөбекжай-бақшасында 2021 жылдың 27 тамызынан бастап Каженова Марина Куттыгереевна штаттық негізде саз жетекшісі қызметіне қабылданған. Педагогикалық жұмыс өтілі 6 жыл. Алайда, қужаттарды зерделеу барысында мерзімінде біліктілік санатын алмағаны және біліктілік арттыру курсынан өтпегені анықталды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары 1 қосымша 2 тарау, 24 тармағы бойынша сәкес келмейтіндігі анықталып, нәтижесінде, мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2024 жылғы «20» қыркүйек №138 хаттамалық шешіміне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты аттестатталмағандығы женінде мәлімдеді. Осыған орай қайта аттестаттау іс-шаралар жоспары жасақталып, жіберілген кешіліктерді жою жұмыстарын әдіскер Ж.С. Ермухановаға жүктеді.

Шешім

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2024 жылғы «20» қыркүйек №138 хаттамалық шешімін негізге ала отырып, жіберілген қателіктер бойынша іс шара жоспары жасақталып, жіберілген кемшіліктер бойынша барлық қателіктер жойылып, Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің облысының Атырау облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне жолданды.

Жауапты: әдіскер Ермуханова

Кеңес төрайымы:

Кеңес хатшысы:



Бисембаева С.Т.

Забиева С.Т.